ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ТҮСІНЕМІЗ?

3-бет



«ДЕПУТАТТЫҚ МАНДАТ – УӘДЕ ОРЫНДАУ МҮМКІНДІГІ»

4-бет

РИЭЛТОР: «3 ЖЫЛДА 200-ГЕ ЖУЫҚ ҮЙ САТТЫМ»

8-бет

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 36 (521)
7 қыркүйек, 2023 жыл

◀ РЕДАКТОР БАҒАНЫ

«Нью-Йорк – кіл мықтының қаласы»

Алға ұмтылған, өрге талпынған заманда көштен қалу қисынсыз. Сондықтан жастардың жыларман күй кешпей, аяққа нық тұруы құптарлық іс. Бойда бұлқыныс пен жастықтың оты барда жалындап жану жөн-ақ. Қызылордалық ару Марал Жаппасбай да асқақ арманынан айрылмай, қабілеті мен білімін шетелде шыңдап жүр.

– Байқап қарасам, тәуекелшіл көрінесіз. Америкаға баруыңызға не себеп және ондағы өміріңіз жайында не айтасыз?

– Ойға алған ісім үшін әркез тәуекел етемін. Мәселен, АҚШ-қа келуді жылдар бойы жоспарлаған емеспін. Аяқ асты кәсібімді жауып, шетелге шығуға бел будым. Дамуда дамылдағым келмейді, керісінше жаңаны үйренсем деген талпынысым бар. Қызылордадан арман қуып, Алматыға бардым. Онда 6 жыл тұрақтаған соң, мақсат-мұратымды жүзеге асыру үшін жаңа мүмкіндік, жаңа ел, жаңа қала керегін түсіндім. Көп ойланбай Америкаға кетуге шешім қабылдадым. Қазір мұнда жүргеніме 7 айдан асыпты. Бәрі жақсы, өз ойымдағыдай өмір сүріп жатырмын.

– Негізгі мамандығыңыз – қаржыгер. Бір сөзіңізде түрлі салада бақ сынау керегін айттыңыз...

– Иә, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін қаржыгер мамандығы бойынша қызыл дипломмен тәмамдадым. Кейін өз күшіммен банкке жұмысқа орналастым. 6 банктен ұсыныс түсіп, «Каспий банкті» таңдап, сату менеджерінен бастап бірнеше қызметті атқардым. Мұнда 3 жыл еңбек еткен соң, бір жерде отырып жұмыс істеу менікі емес екенін білдім. Осылайша мотиватор Қуаныш Шонбайдың мектебінде маркетолог мамандығын оқыдым. Бұл маған мамандықты емес, өз-өзімді және жаңа орта табуды үйретті. Тек белгілі бір салаға байланбай, жаңа салаларды игеруге септігін тигізді. Маркетолог мамандығын оқығаннан кейін банктегі жұмыстан бас тартып, құрылыс компаниясында маркетинг бөлімінің жетекшісі болып, 1,5 жыл қызмет атқардым. Жақсы жетістікке жеттім, табысым да жоғары болды. Әйтсе де қосымша түрде айналысқан саудам жақсы жүріп, кәсібіммен айналыстым. Кейін кәсібімде қиындық туындаған соң айналымдағы ақшамды шешіп, Америкаға жол тарттым. Қысқасы, Қуаныш Шонбайдың сабағы ой-пікірің мен көзқарасыңды өзгертіп, әрқашан іздену мен өзіңді жетілдіруге жөн сілтейді.

– Жастар арасында «шетелде еркіндік пен ерік өзіңде болады» деген пікір қалыптасқан. Бұған не дейсіз?

– Иә, АҚШ жастарға еркіндік пен мүмкіндік береді. Мидағы шектеуді алып тастап, тың идеяны іске асырудың кілті іспетті. АҚШ-та біреудің жасына, түр-түсіне, шыққан жеріне тиіспей, тұлға ретінде қабылдайды.

Менде студенттік виза болғандықтан 5 жыл оқуға келгенмін. Қазіргі таңда магистратураға түсу мақсатында оқып, сапалы білім алудамын. Қосымша студенттерге аптасына 20 сағат жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі. Үйге тазалық жұмысын жүргізіп, бала күтуші ретінде де жұмыс істедім. Бастысы, адамдармен қарым-қатынас орнатып, ағылшын тілін жетілдіріп, ел-жерді аралағым келді. Яғни бұл жұмыстың барлығы маған тәжірибе жинауға сеп болды. Тіпті маркетолог қызметіне де ұсыныстар түсті. Осылайша кәсіпкердің ассистенті болып, маркетиг жағынан көмектестім. Маңдай термен тапқан табысыма жақсы өмір сүрудемін. Еңбектенуден жалықпайтын адам жарға жығылмайтыны анық.

– Шетелде күн көрудің өзі күшке түсетіні белгілі. Жұмыс пен үй-жайдың мәселесін қалай шешуге болады? Қандай кеңес бересіз?

– Иә, күнкөріс оңай емес. АҚШ-қа тек ғана мықтылар келеді. Өйткені, өмір сүру қиын болған соң өз еліне қайтып кеткендер жетерлік. Шетелде өмір сүру күшті болуды, тек диплом мен білімді қажет етпейді. Адамның пысықтығы мен қабілеті маңызды. Мұнда адамдар ашық, еркін болғанымен өз еліндегідей жанашырлық көрсетпейді.

– Тіл білу қаншалықты маңызды. Жалпы Америкада тұрақтап қалуыңыз мүмкін бе?

– Тіл білмеген адамға жұмыс іздеу де, істеу де, өмір сүру де қиын. Себебі, бәрі ағылшынша сөйлейді. Сондықтан, тіл білу өте маңызды дер едім. Мұнда оқуым мен жұмысымды қатар алып жүргендіктен әзірге тұрақтап қалуым ықтимал.

Сұхбаттасхан
Замира ҚОНЫСЖАН

ОНЫНШЫ БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРДЫҚ

Ақпаратты қаз қалпында жеткізетін, өзіндік орны қалыптасқан жастар газетінің жарыққа шыққан күнінде өткенге шегініс жасасақ.

«Ақмешіт жастары» осы уақыт аралығында алғашқы баспалдақтан өтті, дамыды, белестерді бағындырды. Жетістікке жетуде көптеген адамның еңбегі бар. 10 жылдың ішінде газетте бірнеше редактор басшылық етті. Көптеген жас журналист осында алғашқы мектептен өтті, шығармашылығын шыңдады, ал қазір республиканың, облыстың маңдайалды басылымдарында, телеарналарында табысты еңбек етіп жүр.

Бүгінде редакция ұжымының дені – жастар. Олар мазмұнды мақаланың жариялануына, арнайы беттердің жарыққа шығуына ықпал етіп келеді. Жастар құрамы жаңарған сайын газеттің сапасы көтеріліп, мазмұны да, айтар ойы да, беделі де артып келеді. Алғашында басылым А3 форматпен шықса, кейін газеттің форматы D2 болып өзгеріп, арнаулы беттер саны мен айдарлар саны көбейген. Қазір оқырманның іздеп оқитын басылымы жанынан заман талабына сай электронды нұсқа, яғни «Ақмешіт жастары» ақпараттық агенттігі де құрылды.

Биыл облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің жарыққа шыққанына – 10 жыл. Қысқа мерзім ішінде көпшіліктің көңілінен шығып, өз оқырманын тапқан басылым тек жастар тақырыбын емес, елдік, ұлттық мәселелерді қаузайтын газетке айналды.

Жастар үнінің бір ерекшелігі, алғашқы арнайы беттер мен айдарлар латын қарпінде беріледі. Басылым арнайы «News» бетінде жастарға қатысты соңғы жаңалықтарды қамтиды. Жас мамандарды, жас отбасыларды, өмірлік қиын жағдайға тап болған жастарды қолдау, жастар стартапын насихаттауға арналған шаралар ақпараттандырылады. «Motivation» бетінде ел ішінде әлеуметтік бағдарламаларды жеке мүддесіне пайдаланбай, мемлекет көмегіне иек артпай-ақ, адал еңбек етуге үндейтін мақала, ісінің берекесін көріп отырған кейіпкерлерді насихаттайтын материалдар беріледі. Қоғамды өркениетке бастайтын ниеті оң, жүрегі кең жастардың, еріктілердің бастамалары бойынша әртүрлі материалдар дайындалады.

«Interview» бетінде айтар ойы анық азаматтармен, елге сыйлы зиялы қауым өкілдерімен тәрбиелік, елдік бағытта, түрлі сала мамандарымен сан сауалдың жауабын қамтитын сұхбаттар жарияланады. «Innovation» бетінде идеяға бай креативті жастардың жаңа жобалары, білім-ғылым мәселелері мен ноу-хау туралы мақалалар қамтылады. Жастардың шығармашылық дамуына жағдай жасау, жас таланттарды қолдау, дарынды жастарға стипендиялар, жүлде тағайындауға қатысты өзгерістер қамтылады. Ал «Actual», «Sarap» бетінде мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдама шеңберіндегі әлеуметтік көмек көрсету, бос уақытты тиімді өткізу, жұмыспен қамту, NEET санатындағы жастармен жұмыс, отбасы және психология, бала құқығын қорғау, құқықтық, діни, экономикалық сауатты арттыру, жастарды рухани даму, аула спортын қарқындату және өзге де өзекті мәселелер төңірегіндегі сараптамалық мақалалар жарыққа шығады.

«Uikyashar» бетінде ұлттық өнер түрлерін жандандыруға ерекше назар аударамыз. Оқырманның сүйікті «Hattar» бетінде шығармашыл жастардың сиясы кеппеген дүниелері жариялана ды. Бұдан бөлек, сан түрлі тақырыпты сарапқа салатын «Otbasy», «Finance», «Tur-izm», «Cinema», мектеп оқушыларына арналған «Baspaldaq» беті бар.

Оқырман санының өсуі газет мазмұнының баюымен байланысты. Соңғы көрсеткіш бойынша жазылушылар саны 7 мыңның айналасында екен. Біз әр нөмір сайын осынша оқырманға пайдалы дүние бөлісіп, рухани ләззат сыйлауға асығамыз. Алдағы уақытқа да жоспар дайын, оның ішінде сіздің кәдеңізге жарайтын дүниелер бар деген сенімдеміз. Сіздің де ұсыныс-хаттарыңызды күтеміз, ойлы оқырман!

Мөлдір СНАДИН

«Жастар кадрлық резерві» маман тапшылығын жоя ма?

Елде түрлі бағдарламалар кең өріс алып, жастардың қоғамның белсенді мүшесі болуына, бойындағы қарым-қабілетті танытып, өзін көрсетуге көп мүмкіндік беруде. Осындай бастамалардың бірі – «Президенттік жастар кадрлық резерві».

Бағдарлама шеңберінде 2019 және 2021 жылдары резервке алынған 350 адамның 264-і мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарында еңбек етіп келеді. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, осы жалпы санның 75 проценті тұрақты жұмыспен қамтылған.

Мемлекеттік қызметті елге қызмет деп түйіп, осы бағытта білек сыбана іске кіріскен азаматтар қатарында жастардың саны басым. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанның тұғырын нықтап, егемен елдің еңсесін көтеру – әрбір отандасымыздың міндеті. Ал жастар резерві қазаққа қызмет ететін кәсіби білікті мамандарды даярлау керек. Бағдарламаның басты мақсаты да осы.

– Бүгінде осы бағыт бойынша 128 адам орталық мемлекеттік органдарда, 38 адам жергілікті атқарушы органдарда, 57 адам ұлттық компанияларда, 41 адам өзге де ұйымдарда қызмет атқаруда. Сондай-ақ олардың қатарында 31 резервші саяси лауазымдарға, 6 резервші «А» корпусының лауазымдарына тағайындалса, бір резервист Мәжіліс Парламенті және 2 резервист мәслихат депутаты болып қызмет атқаруда, – дейді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Жасұлан Шынтасов.

Резерв 6 негізгі сала бойынша жүзеге асырылады. Олардың қатарында инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты, агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау, сыртқы саясат және инвестициялар, экономикалық және қаржылық саясат, цифрландыру, әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам бар. Талаптарға сәйкес, іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, мемлекеттік тілді В1 деңгейінен төмен емес меңгерген Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады. Ал кешенді іріктеу алты кезеңнен тұрады.

– Бірінші кезең – кандидаттардың құжатын қабылдау. Ол 2023 жылдың 1-30 қыркүйегі аралығында pkrezerv.gov.kz арнайы ақпараттық жүйесінде және онлайн режимде жүзеге асады. Екінші кезең мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан тұрады. Үшінші кезең – ситуациялық тапсырмаларды шешу. Бұл кезең үміткерлердің таңдаған салалық бағыттарына байланысты ситуациялық тапсырмалар түріндегі нақты проблемаларды шешуге деген көзқарасын бағалауға бағытталған. Төртінші кезең – ассессмент-орталығы мен құзыреттер бойынша сұхбат. Бесінші кезең – сарапшылық комиссиясында кандидаттармен әңгімелесу. Оның құрамына мемлекеттік органдардың басшылары тартылатын болады. Алтыншы, соңғы кезеңде Ұлттық комиссияның отырысы өтіп, кадрлық резервке үздік 50 кандидат қабылданады, – дейді Жасұлан Қанибайұлы.

Жоғарыда аталған кезеңнің барлығынан сүрінбей өтіп, өзінің үздіктігін байқатқан азаматтардың бірі – Асылхан Сүйіндіков.

– Бүгінде резерв мүшелерінің ықпалы зор деп есептеймін. Қазірдің өзінде олар мемлекеттік қызметте, квазимемлекеттік немесе жеке секторда жауапты қызметтерді атқарып жүр. Өзіме келер болсам, резерв іріктеуінен өткен соң мемлекеттік қызметте басшылық лауазымға тағайындалып, еңбек жолымда оң өзгеріс орын алды, – дейді Асылхан Шәріпжанұлы.

Қалай десек те, мемлекеттік қызметті үлгі етіп барып, елге қызметті мақсатына айналдырған әрбір жастың әдепкі ойы өзгермесе екен дейміз. Кеуде сарайында туған елдің алдындағы перзенттік парыз ұғымы тұрғанда ғана қызмет шынайы болмақ.

Дәулет ҚЫРДАН

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп айтып кеткен Ахмет Байтұрсынұлының сөзін қаперге алып, қалың оқырман алдындағы жауапкершілікті сезіне білген «Ақмешіт жастары» газеті онжылдық белеске жақсы жетістіктермен, толайым табыстармен жетті. Газет тілшілері де, ұжымы да аймақтың мерзімді басылымдары арасында «Үздік мерзімді басылым» номинациясын жеңіп алса, газет қызметкерлері аймақтық БАҚ өкілдері арасындағы спорттық сайыстарда, шығармашылық бәйгелерде топ жарып, бірқатар биікті бағындырды. Қала, облыс, аудан әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталып жүргендері де жетерлік. Бұл – атқарылған іс пен еңбектің өтеуі.

Бүгінгі онжылдық мерейтой тұсында газеттің ашылуынан бастап еңбек етіп, кейінгі жастарға із салып кеткен мамандардың лебіздері мен пікірлерін топтастырып, ортаға салып отырмыз. Басылымның оқырманға жол тартуы барысында Сырдың белсенді жастарының қомақты үлесі бар. Сол себепті, бес саусақ біріккенде бірлік болатынын дәлелдеген басылым өміршең бастамаларды әлі де өмірге әкеле бермек.

Бізбен бірге болыңыз, қадірлі оқырман!

Редакция ұжымы

ЖАСТАРДЫҚ ТӨЛ БАСЫЛЫМЫ ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕЙДІ

ЖАСТАРДЫҢ ТӨЛ БАСЫЛЫМЫНА АЙНАЛДЫ

Мен сол уақытта Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы қызметін атқарып жүрген едім... Біз жастар саласын жан-жақты бағытқа бөліп қарастырып, оны дамытуды қолға алдық. «Жас еріктілер», «Жас көшбасшылар», «Жас пікірсайысшылар», «Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымдарын дамыту және олардың жұмысын жүйелеу бағытында оқушыларды да, студенттерді де, тіпті жас мамандарды да қамтығымыз келді. Міне, осы мәселелердің басы-қасында жүрген сәттерде бізге жас журналистердің шыңдалатын өзіндік практикалық мектебі мен жастар мәселелерін көтеретін салалық тек жастарға тиесілі газеті болса ғой деген ой келді. Бұл ойды жан-жақты пісіріп, сол кездегі облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың жастармен кездесуінде ұсынып, содан алғашқы қадам басталып кетті.

«Ақмешіт жастары» газетінің алғашқы саны жарық көріп, майталман мамандар келді мұнда. Айжан Жұмабекқызы бастаған кәнігі журналистер жастардың төл басылымын жарыққа шығарды, біз оның таралуына атсалыстық. Бүгінде әрбір жастың сүйікті газетіне айналған «Ақмешіт жастарына» шығып, елге танылып жүрген талантты жастар жетерлік.

Бүгінде онжылдық белесті артта қалдырып, кемел келешекке жол тартқан «Ақмешіт жастары» газетінің ұжымына шығармашылық табыс тілеймін.

Жандос БАЗАРТАЙ,
2012-2014 жылдардағы облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы

ЖАСТАРДЫҢ ЖЕКЕ МЕНШІГІНДЕЙ

Осыдан он жыл бұрын «Ақмешіт жастары» газетінің жарыққа шығуы аймақтың ақпарат кеңістігіндегі тың жаңалық болды. Өйткені өңірде жас буынның жеке меншігіндей басылым жоқ еді.

Басылымға жетекшілік еткен азғантай жыл ішінде іні-сіңлілеріммен бірге шама-шарқымызға қарай еңбектендік. Жаңа арнаулы беттер қосып, замандастар мәселесін де көтердік, тілегін жоғарыға жеткіздік. Басылымның интернеттегі нұсқасын жетілдіруге күш салдық. Оқырман санын арттыру, сол үшін аудиторияға сапалы дүние ұсыну қай кездегідей күн тәртібінен түскен емес.

Жастар газетінің екі ерекшелігін ғана айтайын. Біріншісі – редакторынан бастап кіл жас мамандардың ұстаханасы. Екіншісі – басылымда жастардың ғана мәселесі қозғалып, шығармашылығы жарияланады деу – қате. Мұнда мұқым елге ортақ жайттар жазылады. Сондықтан бала да, басқа да оқыса болады.

Бар айтарымыз, бір белес ғасырға жалғассын! Ұжымның алар асуы, бағындырар биігі көбейсін! Жаңа медиада жұлдызы жоғары болсын!

Назерке САНИЯЗОВА,
Газеттің 2014-2015 жылдардағы редакторы

МЕНІҢ АЛҒАШҚЫ ҰСТАХАНАМ

Білім саласынан журналистикаға ауысқандағы алғашқы ұстаханам, ең бірінші мектебім «Ақмешіт жастары» газеті болды. Осы күні Сыр журналистикасында әжептәуір танылып қалған көптеген қыз-жігіттердің алғашқы баспалдағы да осы басылым. Оны ұмытуға болмайды да, ұмыта да алмайсың. Өйткені, өзіңнің ыстық ұяңа деген сағынышың ұмыттырмайды.

Мен газет бетінде «Қамшы» бетіне сай мақала жазғанды жақсы көрдім. Әсіресе, ауыл әңгімелерін жазғанды ұнатамын. Осы тақырыптағы туындыларым жарық көрген алғашқы басылым – «Ақмешіт жастары». Кейінірек облыстық «Сыр бойы» газетіне ауыссам да журналистикадағы алғашқы баспалдағыма қайта оралып соғып жүрмін. Одан кейін де көптеген мақалам газет бетінде жарық көріп, қаламгерлер арасындағы алғашқы ұжымыма деген сағынышымды басып тұратын.

Әріптестеріме тілерім көп. Бастысы, «Журналист пен қасқырды аяғы асырайды» дегендей, жолжазбаларыңыз көп болсын, кейінге қалар қолжазбаларыңыз көп болсын! Қаламдарыңыз мұқалмай, Сырдағы жастардың мәселесін қырдағы басшылыққа жеткізіп, талантты жастардың қанатын қатайтудағы еңбектеріңіз еселене бергей.

Ержан ҚОЖАС,
газеттің 2018 жылдағы тілшісі

БАСЫЛЫМ БОЛАШАҒЫМНЫҢ БАҒДАРЫ БОЛДЫ

Көркем әдебиеттің көрнекті өкілі Әзілхан Нұршайықов «Газеттің ісі – бір күндік, сөзі – мың күндік» деп баспасөздің бағамын биіктен бағалайды. Расында да, бүгінгі заман талабына сай әлеуметтік желілер дамып жатса да, билік пен бұқара арасында алтын көпір бола білген – «Ақмешіт жастары» газетінің орны мен үшін бөлек.

Медиакеңістіктің ауқымы кеңейген тұста маған басылымда қызмет ету бағы бұйырды. Журналистикаға енді ғана бет бұрған шикі шағымызда шығармашылық мектебі қаламды қатайып, жазу мен сызуға бейімдеді. Әсіресе, спорт саласы етене жақын тақырып еді. Сол саланың жаңалығын егжей-тегжейлі тарқатуға барынша тырысып, спорттың қай түрі болмасын, әдіс-амалын, тактикалық тәжірибесін терең тануға талпыныс оянды. Журналистиканың жағымды жанры – сұхбат арқылы түпкі арманым «Қайсар» футбол клубына қызметке орналасуыма ықпалы тисе, өмірлік жарым Самалды да «Ақмешіт жастары» арқылы кезіктіріп, кезбе бойдақтықпен кенеттен қоштасуыма себепкер болды.

Оқырманның көңілін тапқан «Ақмешіт жастарының» жарқын жаңалығы көп, ғұмыры ұзақ болсын!

Ерасыл ШӘРІБЕК,
Газеттің 2016-2023 жылдардағы тілшісі

Газеттің ең алғашқы нөмірі шыққанда әрине шығармашылық ұжым болып қатты қуандық. Идеялардың жүзеге асуы деген керемет сезім ғой.

Есімде, газеттің бірінші санында Қазақстанның Құрметті жазушысы, аса көрнекті ақын Әскербек Рахымбекұлы газетіміздің жарық көргеніне қуанып, алғаусыз ақ тілегін арнап, аға буынның атынан үлкен сенім білдірді: «Аймағымызда жастарға арналған жаңа басылым шығатынын естігенде, біз байырғы баспасөз қызметкерлері, кәдімгідей қуанып қалдық. Өйткені біз білерде, облысымызда бұрын-соңды жастарға арналған басылым болған жоқ. Ендеше бұл – Сыр жастарының облыстық төл басылымы. ...Сыр елі жастарының төл газеті облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, білім мен мәдениеттің кең өріс алуына, халқымыздың рухани өсуіне жастарды жұмылдырады деп сенеміз. Ұлтымыздың ұлы байлығы болып саналатын тілі мен ділін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, ғылымы мен анығын жас ұрпақтың санасына сіңіруге, отаншылдық рухында тәрбиелеуге қызмет етеді деген ойдамыз» деп жастар басылымына үлкен үміт артты.

Ағалардың ақ тілегінен қуат алып, осы үміт мен сенімнің үдесінен шығуға талпынып жұмыс істеген жылдарым жемісті де, жеңісті күндер екен ғой деп ойлаймын қазір. Газет беттегенге дейін мақалалардың артық-кемін түзеп, күзеп, кемі екі рет оқисың. Газет беттелгенде әр түзеткен сайын кемі бес рет сүзгіден өтеді. Ертеңіне иісі бұрқырап газет шыққанда тағы бір рет оқып шығасың. Негізі өте қызық процесс! Газет шығару ісінен артық шабытты да шығармашыл жұмысты көрген емеспін.

Әріптесім Мөлдір Снадинқызы жетекшілік ететін «Ақмешіт жастары» редакциясының бүгінгі ұжымына үлкен ауызбіршілік, жарқын идеялар, толайым табыстар тілеймін. Атына заты сай жастар үшін пайдалы білім мен ақпаратқа толы болсын, тоқсан, жүз жылдығын атап өтіп жатқан ата басылымдардың жолын берсін.

Ізгі тілекпен,
Айжан Жұмабекқызы Абдуллаева,
газеттің алғашқы редакторы

Отбасы құндылығын қалай түсінеміз?

Отбасын сақтау – елдіктің белгісі. Өйткені қоғам отбасыдан тұрады. Қазір біз осы отбасы құндылығы дегенді қалай түсінеміз? Отбасын сақтап қалу үшін не істеуге болады? Осы және өзге де сауалдарды тарқатсақ.

Сенім мен қолдау – отбасы қуаты

Елена Рыбина, НЗМ баспасөз хатшысы:

– Жолдасым Станислав екеумізді табыстырған – қазақ тілі. Ол – құрбымның күйеуінің досы. Бір жыл бойы екі жақ екеумізді табыстырғысы келді. Бірақ мен жұмыстан босамай, үнемі кейінге қалдыратынмын. Сөйтіп бір күні достарымыздың туған күнінде алғаш рет кездестік. Қазақша ортада болған соң ба, әлде екеуміз де қазақ тілін негізгі тіл ретінде пайдаланып жүрген соң ба өзара қазақша сөйлесіп кетіппіз. Сөйтіп екі жыл араластық. Шыны керек екеуміз де отбасы құруға асықпадық. Алдымен бір-бірімізді жақсылап танып алайық деп шештік. Уақыт өте келе екеумізде бір-бірімізден болашақ серігімізді көріп, отбасы құруға шешім қабылдадық. Қазан айында ресми түрде заңды некеге құрғанымызға 10 жыл толады. Қиындыпен қуанышты қатар бастан өткеріп келеміз. Барлығын татулық пен бір-біріміз тындай білудің арқасында жеңіп келеміз.

Алғашқы жылдары шыны керек екеуміз де бір-біріміздің алдымызда міндеттіміз деп өмір сүрдік. «Мен былай жасадым, неге ол маған да осылай жасамайды?» деген сияқты. Бірақ уақыт өте келе оның барлығы отбасының беріктігіне кері әсерін тигізетінін түсіндік.

Берік отбасы болу үшін махаббат құндылығын түсіну қажет. Бір-біріне деген сезім шынайы болу керек және оны екі жақта міндетті түрде іште ұстамай, көрсете білу қажет. Бір бірімізге жылы сөз айтсақ, күні бойы энергиямыз тасып, көңілді жүреміз. Махаббат – бір-біріне деген жылы қарым-қатынас, қамқорлық көрсету, үнемі қасында болуға ұмтылу.

Екіншісі – сенім. Бір-біріне сену және балаларыңды да соған үйрету маңызды. Кез-келген қиындықпен, сәтсіздіктермен немесе қандай да бір толғаныс туралы жақындармен бөлісу қажет.

Мейірімсіз де берік отбасы бола алмайды. Өйткені бір-біріне көмек көрсету арқылы жанұя үлкен жетістіктерге жетіп, гармония орнайды.

Балама сөзіне берік, досына адал бол деп айтып жүремін. Себебі қазір бойында қалыптасқан қасиеттер болашағына бағдар.

Мен үшін отбасы құндылықтары – бұл жанұямызда қалыптасқан заңдылықтар мен ережелер.

Біздің отбасымызда кез-келген туған күн барлық туған-туыстың басы қосылған отырыста аталып өтеді. Көңілді уақыт өткізуге тырысамыз. Бірге тәтті тағамдар әзірлейміз. Мүмкіндік болса бірлесіп саяхаттауға барамыз.

Үйлену оңай, үй болу қиын...

Назира Мұхатаева, журналист:

– Жолдасым Елжас Әбділдәмен алғаш 2015 жылы таныстым. Ол кезде екеуміз бір мекемеде жұмыс істедік. Әріптестік қарым-қатынас болды, кейін дос болдық, сыйласып, жақсы араластық. Уақыт өте келе бір-бірімізбен жақын араласып кеттік. Ол бір күні сәлемдеспей алдымнан өте шықты. «Бір кісі амандасуды ұмытып қалған ба?» дегенмін. Сол сөзім арқылы ойы өзгеріп, мені ұнатып қалыпты. Қыз бен жігіт ретіндегі алғашқы кездесуіміз Нартай Бекежанов атындағы драма театрдан бастау алды. Сол сәтте алғаш рет қойылым тамашаладым. Театрдан алған эмоция, артистердің сахнаны өзіне бағындыра алатын құдыреті әсер етті. Екеуміз көп серуендегенді ұнататынбыз. Солай жүре келе үйленуге шешім қабылдадық. Ата-анамыздың ақ батасын алып, шаңырақ көтердік. Елжастың «Сүйгеніме қолым жетіп тұрған кезде әрекет етейін» деген сөзінен мені қаншалықты жақсы көретінін сезіндім. Тұрмыс құрмай тұрып отбасылық өмірге өзімді дайындадым. Сүйікті жар, адал келін, қамқор ана болуды армандадым. Бүгінде ұл-қызымыз бар. «Ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» дейді. Десе де тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Елжас маған қатты сенеді, сенім артады. Бізді байланыстырып отырған да – сенім. «Ақылды адамда иман бар, иманды адамда ғибадат бар» деген екен Абай. Иманы бар адам отбасын сақтайды.

Елжастың шығармашылық адамы, ақын екенін түсінуге, қабылдауға тырыстым. Қандай жағдай болсын сенім білдіруге талпындым. Саналы, салихалы ұрпақ тәрбиелеу үшін қолдан келгенін жасап жатырмыз.

Отбасын құрмай тұрып ұлға да, қызға да әке-шешесі үйрету керек. Отбасының маңызын, жауапкершілігін, алда не күтіп тұрғанын сезіндіру керек деп ойлаймын. Қазіргі таңда ажырасу көп. Мұның салдары шаңыраққа жылулық жетіспеуінен. Ер адамның бар жауапкершілікті, істі әйел адамға жүктей салуынан басталады. Себебі әйел адам өзінің нәзіктігін жоғалтпау керек. Нәзіктік – әйелге тән дүние.

Бір-бірінің қызығушылықтарын сыйлай білу де маңызды. Өйткені қамқорлық сезінген адам рухани дамып қана қоймай, сүйікті ісінде жеңіске жете алады.

«Отбасылы адамдар табысты болады»

Азамат Спанов, фотограф:

– Біз бір-бірімізге серік екенімізді түсінгенімізге көп уақыт болды. Келіншегім Әсел – өте ибалы, инабатты жан. Отбасын құрмас бұрын менде жоғары білім мен жақсы жұмыс болу керек деген ұстанымдар мен қағидалар болды. Әйеліңіз бен бала үшін жауапкершілік алу керек. Сол үшін тойдың алдында әйеліме ештеңем де жоқ екенін айттым. Қазір өскелең ұрпақ алдымен көлік, пәтер алу керек, содан кейін отбасын құруды ғана қалайды деген ұстанымда. Дегенмен, әртүрлі социологиялық зерттеулер көрсеткендей, отбасылы адамдар көбінесе табысқа жетеді. Олардың денсаулығы жақсы, мансаптық өсу үшін көбірек мүмкіндіктер бар. Өйткені қасында сені әрқашан қолдайтын отбасың бар. Мені барлық жағынан қолдайтын адам – әйелім.

Сонымен қатар, объективті бағалау қажет болғанда, ол сыни тұрғыдан қарап, өз пікірін тікелей айтады. Бұл маған ойлануға және дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Мен жас отбасыларға жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтауға, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді сақтауға кеңес беремін.

Пікірлерді жинақтаған М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІ МЕМЛЕКЕТТІҢ НАЗАРЫНДА

Ұлт болашағы мен мемлекет тұғырында отбасы – ең басты құндылық. Сондықтан мемлекет отбасы институтын қолдап, осы салада кешенді саясат жүргізуді жүйелі жалғап келеді. Бүгінгі мерейлі күннің мереке ретінде белгіленуі соның айғағы.

Елімізде Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы 2030 жылға дейін қабылданған. Ол 3 кезеңде жүзеге асады. Деректерге сүйенсек, бұған дейін отбасы саясатын зерттеу саласында институционалды база құрылып, алғаш рет «Қазақстандық отбасылар» ұлттық баяндамасы әзірленген және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттары бекітілді, пилоттық режимде отбасылық соттардың қызметі қамтамасыз етілді. Бұған қоса отбасылық және гендерлік саясат саласындағы гранттық жобаларды іске асыру басталды. Сондай-ақ, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарын трансформациялау үшін нормативтік база құру жұмысы да жүргізілген.

Тұжырымдаманың екінші кезеңі бойынша ер мен әйелдің өмір сүру ұзақтығының гендерлік алшақтығы 2020 жылға қарай 8,5 жылды құрау керек болған. Нәтиже бойынша айырмашылық 8,44 жасты құраған. Бұл жоспар толық орындалғанын көрсетеді. Сондай-ақ тіркелген некелердің ішінде ажырасу көрсеткіші 32 процентті құрау керек болса, жауапты ведомстволардың ақпаратына сенсек, бұл көрсеткіш 37,2 процентті көрсеткен. Бұл ретте Қызылорда облыстық азаматтық хал актілерін тіркеу басқармасы ұсынған мәліметке тоқталсақ. 2022 жылы 1643 азамат некесін қиған, оның 340-ы ажырасумен аяқталған. Ал биыл 8 айдың қорытындысы бойынша 340 қызылордалық некеге өтініш берсе, оның 43-інің дәм-тұзы жараспай, екі жаққа кеткен.

Ендігі кезекте тұжырымдамадағы әйелдер мен балаларға қатысты тіркелген тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларын азайту көрсеткішіне келсек, мұнда жоспардағы 20 проценттен 22,2 процентке төмендеді деген статистика бар. Соңғы жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылық белең алып тұрғаны мәлім. Отбасындағы жанжалдың кесірінен болатын қылмыстардың жиілеп кетуіне қоғам алаңдаулы. Зерттеулер бойынша оның басты себептерінің біріне – маскүнемдік, жұмыссыздық, соған байланысты тұрмыс жағдайының ауырлығы сияқты әлеуметтік жағдайлар жатады. Тұрмыста жапа шегетіндер негізінен әйел адамдар мен балалар. Ал мемлекет үшін әйел-ана мен жас ұрпақты қорғау ерекше мәселе. Қызылорда облыстық полиция департаментінің мәліметіне сүйенсек, 2023 жылдың қаңтар айындағы көрсеткіш бойынша өңірлік 102 нөміріне жанұя жанжалы бойынша күніне 20-25 шақты қоңырау түскен. Бір тәулікте 24 сағат бар десек, сағат сайын 1 қоңырау, 1 отбасылық жанжал. Оның ішінде «зорлық-зомбылық» санатына кіретін ұрып-соғу, күш қолдану, сонымен қатар ер азаматтардың мас күйінде отбасы шырқын бұзу жағдайлары көптеп кездеседі.

Маңызды мәселеге қатысты Президент тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын қайта қарауды шегелеп тапсырған болатын.

«Тағы бір назар аударатын мәселе – жас ұрпақтың қауіпсіздігі. Балаларға қатысты жантүршігерлік қылмыстар жиілеп кетті. Мұндай оқиғалар мектепте, көшеде, тіпті, үйде болып жатыр. Сорақы жағдайлар оқушылардың өзіне қол жұмсауына себепкер болып отыр. Тіпті ата-аналардың өздері баласына қорлық көрсетіп, оның арты қайғылы жағдайға ұласып жатады. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы әлсіз. Жауапты мекемелер мен құқық қорғау органдарының қызметі ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын қайта қарау керек», – деді Президент.

Енді отбасында зорлық-зомбылық жасағандар жауапкершіліктен ескерту алумен немесе айыппұлмен құтылып кете алмайды. Тіпті жәбірленуші полицейлерге арыз бермесе де, оған зардап тигізген жан жауапкершілікке тартылады. Куәгерлердің, көршілерінің айғақтары мен бейнебақылау камераларының жазбалары болса тәртіп сақшылары бірден хаттама толтырады. Осы секілді тұрмыстық жанжалға байланысты әкімшілік және Қылмыстық кодекске бірқатар өзгерістер енгізіліп отыр.

Жалпы, елдегі отбасылық-демографиялық ахуал, отбасындағы ана мен бала қауіпсіздігі мен құқығын қорғау, отбасылардың бала сүйе алмауы, ажырасу санының артуы, толық емес отбасы, некесіз бала туу, балалардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесімен Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан құрылған «Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия» айналысады. Үкіметке жыл сайын ана мен баланы қорғау, отбасының әл-ауқаты саласындағы заңнамалық және институционалдық мүмкіндіктерді кеңейту бойынша міндеттер қойып келеді.

Дегенмен, әр отбасында баланың өміріне ең алдымен ата-анасы жауапты. Ата-ана өмірге әкелген баласының болашағына жауапкершілік алып, оның денсаулығының жақсы болуына, біліміне, тәрбиесіне, баланың қоғамның сапалы мүшесі болуына қолынан келгенше жағдай жасауға міндетті. Оның үстіне мемлекет мерейінің биік болуы – қашан да отбасының ынтымақ-бірлігіне тікелей байланысты екені даусыз. «Отан отбасынан басталатынын» ескерсек, алдымен Отанды қорғайтын отбасы мықты болуы шарт. Ол үшін отбасылық құндылықтарды мемлекеттік деңгейде жандандыру, үлгілі жанұяларды насихаттау жұмысы жүйелі жалғасын табады.

А.СНАДИН

«ДЕПУТАТТЫҚ МАНДАТ – ҮЗДЕ ОРЫНДАУ МҮМКІНДІГІ»

Қоғам пікірін дөп басу, айтылған сынды түзегуге септесу — депутатқа артылған жүктің бірі. Халықтардың қалаулысы аталған бағытта жұмыс жасау арқылы мемлекеттің дамуына, жергілікті биліктің тиімді жұмыс істеуіне септесері анық. Сыр өңірінде де жемісті нәтиже көрсетіп, әлеуметтік мәселені көтеруде белсенді жас депутаттар аз емес. Аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің редакторы, Сырдария аудандық мәслихатының депутаты Ақтөре Ибрагимұлы сол белсенді азамат қатарында. Жуырда депутатпен сұхбаттасып, өзекті мәселелер төңірегінде ой-пікірін білген едік.

– Ақтөре Ибрагимұлы, қоғам үшін маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуде депутаттық мандаттың нендей көмегі бар деп ойлайсыз?

– Бұл сұраққа жауап беру үшін, әуелі депутат ұғымының анықтамасы қандай екеніне тоқталу керек шығар. Меніңше, депутат – халық сенім білдірген және өзі де белсенді жұмыс істеуге ынталы адам. Сондықтан мандат иесі үшін сенім, оның ішінде халықтың сенімі маңызды рөл атқарады.

Өзіңізге белгілі, депутаттардың жұмысы заңмен реттеледі. Құқығымен қатар міндеттері де бар. Сырдария аудандық мәслихатының VII және VIII шақырылымдағы депутаты ретінде бірнеше жылдық тәжірибеме сүйеніп, депутаттық мандатқа ие болу үлкен жауапкершілік жүктейтінін айтқым келеді. Мен депутаттық мандатымды – сайлауалды бағдарламада айқындалған жоспарлар мен халық алдында берілген уәделерді орындау үшін берілген мүмкіндік деп есептеймін. Бұл бағытта аянып қалып жатқан жоқпыз. Аудандық мәслихаттағы әріптестерімізбен бірге түрлі мәселелерді көтеріп, тұрақты комиссия отырыстары мен сессияларда ұсыныстар айтып, пікір білдіріп, депутаттық сауалдар жолдап келеміз. Жергілікті атқарушы орган біз ұсынған мәселелердің бірде бірін назардан тыс қалдырған емес. Мұны атқарушы орган мен өкілді орган арасындағы үйлесімді әріптестік байланыстың көрінісі деуге болады.

– Қызметтік сапармен ауылдарды жиі аралайсыз, тұрғындармен тілдесесіз. Ауыл тұрғындарының басты мәселесі қандай? Ауылдағы ағайынға ең керегі қандай көмек?

– Мемлекет басшысының саяси реформаларының іске аса бастағанының нәтижесінде бұл жолғы мәслихат депутаттарының сайлауы ерекшелікке толы болды. Біз өткен шақырылымда праймериз арқылы сайлансақ, бұл жолы бір мандатты сайлау округінен сайлауға түстік. Яғни, әр сайлау округінде белгіленген көшелер болады. Сол көшелердің тұрғындары ғана дауыс береді. Мен Тереңөзек кентінің №3 сайлау округінен түстім. Нақтырақ айтқанда, Тереңөзек кентінің Ғ.Мұратбаев, Сырдария, М.Әуезов, И.Тоқтыбаев, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, К.Байсейітова, Д.Керейтбаев, Қ.Дәдікбаев, С.Усабаев, О.Әбілпаттаев, Тоғанас батыр, А.Оразбаева, Қ.Қазантаев, Ш.Құндызбаев, Қ.Асанов көшелері мен тұйықтарының тұрғындары дауыс берді. Яғни, менің сайлауалды бағдарламам осы аумақтың, осы көшелердің мәселелерін шешуге арналды.

Жеке және заңды тұлғалардың өкілдеріне арналған қабылдауымда тұрғындар бірінші кезекте жол жөндеу жұмыстарын жүргізу, «Майжарма» каналын абаттандыруды, балалар ойын алаңын салу, көркейту-көгалдандыру, жұмысқа орналасу және кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы түрлі мәселелер көтереді. Оны шешу жолын екіге бөліп қарастырамын. Біріншісі – жергілікті жерде шешілетін мәселелер. Оны аудан әкіміне ұсынып, тиісті бөлім, мекемелермен зерделеп шешеміз. Екіншісі – ауданның мүмкіндігі жетпейтін, көп қаржы талап ететін мәселелер. Оны облыстық мәслихаттың депутаттарымен, облыстық басқарма, департамент басшыларының ауданға жасаған жұмыс сапарларында кездесу арқылы шешіп келеміз. Жалпы, қазір тұрғындар үшін аса өзекті мәселелер жұмыссыздық пен кәсіпкерлік саласын дамыту бағытында мемлекеттік қолдау шаралары.

– Өзіңіз басылым редакторысыз. Өзекті мәселені газет бетіне жариялауда қалыс қалған кезіңіз жоқ. Депутаттық міндеттің бір ұстыны да – мәселені тиісті органға жеткізе білу. Екі саланың өзге қандай ортақ тұсы бар?

– Журналистика қай кезеңде де саясаттан тысқары болған емес. Сондықтан да журналистердің біразы саясатта төбе көрсетіп келеді. Бұл бұрыннан бар үрдіс, қазір де жалғасып келеді. Өйткені, екі саланың ұқсастығы көп. Мен де бірінші журналист ретінде танылып, халықпен тығыз байланыс орнатып, ашықтық, жариялылық қағидатын жұмысымның басты негізі еттім. Кейін сол белсенді еңбегім депутаттық қызметпен ұштасты.

Ел тарихында депутат болып сайланып, халыққа көп көмегін тигізген журналистер аз емес. Журналист-депутаттың басқа депутаттан жөні бөлек. Себебі журналист-депутат өзіне сенім білдірген халықтың жайына басқалардан бетер алаңдайды. Оның дәлелі – кешегі Ш.Мұртаза, Ф.Оңғарсынова, М.Шаханов, Ж.Сүлейменов, Қ.Сұлтанов, секілді қабырғалы қаламгерлердің еңбегі. Журналист-депутаттар өз ұсыныстарын тек айтып қана шектелмейді, оны жазып, зерттеулер жүргізеді, шығармаларына арқау етеді. Сондықтан депутат та, журналист те – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Ал, Сыр өңірінде депутаттық міндетін адал атқара білген Ш.Әбдікәрімов, А.Оңғарбаев, С.Бихожа секілді аға-апаларымыздан үлгі алсақ болады.

– Депутатқа деген халық сенімі туралы не айтар едіңіз? Депутаттар «сенім лимитін» қаншалықты тиімді пайдалануда?

– Бұл сұрақ депутаттардан гөрі сайлаушыларға бағытталғаны дұрыс секілді. Өйткені, депутаттардың тәжірибесі, еңбек ету қабілеті, белсенділігі, жұмыс өнімділігі бірдей емес. Әрқайсысы түрлі саланың өкілі. Сондықтан сенім лимитін қай депутат қаншалықты ақтап жүргеніне халық баға беруі қажет. Халықтың ұсынысы, тілегі орындалса, сайлауалды бағдарлама уақытылы жүзеге асса, сол сенім лимиттің ақталғаны деп білемін. «Халық айтса, қалт айтпайды» демекші, халықтан асқан сыншы да, әділ таразы да жоқ. Сондықтан әріптестерімнің халық сенімін ақтау жолындағы еңбегіне сәттілік тілеймін.

– Жастардың белсенділікке, еріктілікке ұмтылысына қандай баға берер едіңіз?

– Сырдариялық жастар түрлі салада белсенді еңбек етіп жүр. Олардың белсенділігі елімізде пандемия болғанда көрінді. Еріктілер індет жұқтырған халыққа жан-жақты көмек көрсетіп, көптің алғысына бөленді. Сонымен қатар, ауданда жалғызбасты жандарға, көпбалалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, төтенше жағдайға түскен отбасыларға көмек көрсету жұмыстары да жүргізілуде. Осы тұста, ауданда құрылған жастар бригадасының қолдауын атап айту қажет. Мәселен, Айдарлы ауылындағы жастар бригадасы елді мекенде тұрғын үй салып беруді жүзеге асырды. Бұл жұмыстарға «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері де атсалысуда. Түйіндей айтқанда, ерікті болу – жүректің ісі. Сондықтан волонтерлік жастардың өмір салтына айналуы керек деп есептеймін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Берен ШАҒЫРОВ

«AMANAT» ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАЙ МА?

Жастар арасында тұрақты жұмысқа қолы жеткендер қатары қалыңдады. Кезіндегі жұмыссыздар армиясының алғышебінде жүргендер де бүгінде екі қолға бір күрек тапқан. Әрине, тауы жоқ жерде альпинист болуды арман етіп, мамандығын солай таңдағандардан басқа. Бір салада маман тапшылығы байқалса, екінші салада жұмыс іздегендер бар. Бұл мамандық таңдаудағы тенденцияның көрінісі десек болар. Аймақтағы қай бағдарлама болмасын, жұмыспен қамту бағытына кеп тіреледі. Сондықтан, бұл – бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі.

«Аймақта 14-35 жас аралығында 245 мыңға жуық адам тұрады. Бұл – жалпы халықтың 29 проценті. «Білімдінің күні – жарық» деген Сыр жастарының 341 мыңнан астамы өңірдегі 3 жоғары оқу орны мен 30 техникалық және кәсіби білім беру мекемесінде оқып жүр. Ал енді осы жастарға арналған түрлі мемлекеттік бағдарламалар бар. Бұл бағытта қоғамдық ұйымдар мен партиялар бастамалардың өз дәрежесінде орындалуын қадағалау қажеттілігі айқын. Әйтсе де, бүгін көпшілік сұрауы бойынша «AMANAT» жастарды қолдай ма?» деген сұрақ төңірегінде жауап іздеп көрдік. Ұзынсонар тізімнен бұрын, алдымен «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасының өзі жеткілікті.»

– Партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының «Жастармен бір толқында» бағытында жастардың дамуына жағдай жасап, оларға қолдау көрсету бойынша көп жұмыс атқарылуда. Соның ішінде ең өзекті мәселе – жастарды жұмыспен қамту. 2025 жылға дейін жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін 3,9%-ға төмендету, NEET санатындағы жастармен жұмыс, «Жасыл ел», «Жас құрылысшылар» жобалары аясында 7000-ға жуық жасты маусымдық жұмысқа тарту, «Бастау бизнес» жобаларын іске асыруда 2500 адамды жыл сайын оқыту, 2027 жылға дейін «Жастар тәжірибесі» жобасын аяқтағаннан кейін жастардың тұрақты жұмыспен қамту көрсеткішін 10% кем болмауын қамтамасыз ету, «Жастарға жұмыс» жобасын іске асыру, мемлекеттік бағдарламалардың кең ақпараттық түсіндіру бойынша «Жастарға кеңес» жұмыстарын жүргізу көзделген. Жыл басынан бері «Жастарға кеңес» консалтинг орталығында базар келушілері мен жұмыскерлері сала мамандарынан, басшыларынан тұрғын үй, кәсіпкерлік, жұмыспен қамту, заң құқықтары, денсаулық сақтау мәселелері жөнінде тегін консультативті кеңестер алуда. Кеңес алуға келген 1650 адамның 420-сының сұрақтары оң шешімі тауып, қалған 830-ы психологиялық көмек алса, басқаларының жеке өтініштері бойынша сұрақтары қарастырылған. Жастарды жұмыспен қамту бойынша биыл жастар үшін 4 бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтіп, 3 мыңға жуық түсіндіру жұмысы жүргізілді. Қызылорда қаласының жұмыспен қамту орталығы және әлеуметтік бағдарламалар биыл 2 мың жасты тұрақты жұмыспен қамтуды көздеп отыр. Жыл басынан бері 428 жас «Жастар практикасы» бойынша тәжірибеден өтуде. Қоғамдық жұмыс орындарына 2185 адамды уақытша жұмыспен қамту жоспарланып, бүгінде 2824 адам жұмыс істеуде. Оның ішінде 978-і жастар санатында, – дейді «Жастар рухы» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалының консультанты Әсем Қақарманова.

Айта кетейік, бұған қоса «Жастарға жұмыс» партиялық жобасы аясында жұмыс беруші мекемелермен меморандум жасалуда. «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» Жастар қанаты – партияның сенімді ізбасары. Аталған орталыққа аймақтан 2 мыңнан астам жас топтасқан. «Жастар Рухының» жыл басынан бері жүзеге асырып жатқан жобалары да жетерлік. Мәселен, «Жастар-Отанға! – 2025» бағдарламасы, «Biz Birgemiz», «Жастарға кеңес», «Таза сессия», «Ардагерлерді ардақтайық», «Қауіпсіз қала», «Taza Alem», «Қайсар» әскери-патриоттық жобасы, «Өрлеу», «Таза тіл» жобалары, «Есірткіге жол жоқ!», «Қауіпсіз қала» акциялары, «AMANAT CUP» дебат турнирі және т.б. жобалары аясында жұмыстар жүргізіліп келеді.

– Партия жанындағы жастарды қолдау жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңес жұмысын жалғастыруда. Кеңес құрамында мәслихат депутаттары, қоғам белсенділері, жастар істері жөніндегі комитет төрағалары, сала мамандарынан құралған 21 жас бар. Кеңес отырысының күн тәртібінде кәсіпкерлік бастаманы несиелеуде облыс жастарына 2,5% жеңілдетілген несие бағдарламасын түсіндіру, «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Қоғамдық жұмыстар» бағдарламалары аясында жұмысқа орналасушылар мен түлектерді жұмыспен қамту, бала қауіпсіздігі және жастар арасында нашақорлық мәселесінің алдын алу шаралары бойынша өзекті мәселелер көтеріліп, жауапты мекемелермен бірге жұмыс атқарылуда, – дейді Әсем Қақарманова.

Иә, жастар – елдің болашағы. Ал оларды осы сәтте қалай баулысақ, болашақ та сол бағытта қалыптасары хақ. Ендеше, жастарға еркін мүмкіндіктер алаңын қалыптастыруда жұмыла жүк көтеру керек.

Аян СПАНДИЯР

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСАҒЫНЫҢ КЕЗЕКТІ МАУСЫМЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Облыстық «Жастар орталығында» «Жасыл ел» еңбек жасағының кезекті маусымының жабылу рәсімі өтті. Шарада белсенділік танытқан жасылелдіктер «Үздік сарбаз», «Үздік командир», «Үздік топ» номинацияларымен және жұмыс беруші мекемелер тарапынан Алғыс хаттармен марапатталды.

Жалпыұлттық жоба елімізде 2005 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Қозғалыс жастарды еңбекке баулып қана қоймай, қазір ортақ идеялар төңірегінде топтастыруда. Биыл «Жасыл ел» жобасын жүзеге асыру үшін облыс әкімінің қолдауымен бюджеттен 151,0 млн теңге қаржы бөлінді. Осы қаражат шеңберінде биыл 1871 жас маусымдық жұмысқа тартылды. Оның ішінде 15 пайызы (280) жұмыссыз жастар болса, қалған 85 пайызы (1 591) оқушылар мен студенттер.

Биыл жасылелдіктер облыс көлемінде орналасқан 118 мәдени-демалыс орындарында (аллея, сквер, алаңдар, парктер) көгалдандыру, тал егу жұмыстарын жүргізіп, жалпы көлемі 50 гектардан аса аумақты қоқыстан тазалау шараларын атқарды.

БАСТАМАЛАР ЖАҢА ӨЗГЕРІСКЕ БАСТАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жолдауды Сыр жастары облыстық «Жастар ресурстық орталығында тыңдады.

– Қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, экономикалық көрсеткішті дамыту бағытында біршама бастама айтылды. Әсіресе, Ұлттық қордан балаларға үлес аудару жүзеге асатыны, Сыр өңірі үшін өзекті тақырып – су тапшылығын жоюға қатысты қадамдар көңілден шықты. Қазақстан үлкен өзгерістердің алдында тұр. Уақыт өткен сайын демократиялық қоғам құрылып, адам құқықтарының қорғалуына баса назар аударылып келеді. Президент Жолдауындағы міндеттер толық орындалса, өзгеріске бет бұрарымыз анық, – дейді «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар» МКҚК көркемдік жетекшісі Ұлықбек Бекұзақұлы.

Бұған қоса мемлекет басшысы оқу орындары түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнату қажеттігін айтты. Алдағы уақытта экономиканың басымдықтарына, аймақтың және саланың ерекшеліктеріне байланысты тиімді қаржыландыру тәсілдері қолға алынбақ.

БАҒДАРЫ АЙҚЫН БІЛІМ ОРДАСЫ

Биыл аймақтағы үздік жоғары оқу орны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін таңдайтын талапкерлер қатары көбейді. Өткен жылғы оқу жылымен салыстырғанда білім алушылар контингенті 13%-ға, ал грант саны 25%-ға артты. Бүгінде білім ордасында 10 мыңнан астам студент білім алады.

Жаңа оқу жылындағы өзге де жаңалықтар туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры Бейбіткүл Кәрімова мәлімдеді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында «Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланса, білім экономикасына тың серпін береміз. Жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнату жоспарлануда. Білікті мамандар даярлау қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек» деген болатын. Осы ретте, университетте Оңтүстік Корея Республикасы Үкіметінің қолдауымен Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен (SeoulTech) ынтымақтастық аясында Жасанды интеллект және бизнес-инкубация жоғары мектебі ашылады. Мұнда киберқауіпсіздік және информатика саласындағы үздік кадрлар дайындалатын болады, – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Сонымен қатар Оңтүстік Кореяның Шинхан университетімен білім беру бағдарламаларын оқыту, материалдық-техникалық базаны нығайту бойынша бірлескен жобаларды іске асыру көзделуде. Университет білім сапасымен бірге студенттерге қолайлы жағдай жасап келеді.

Ана тілін сүймеген, халқын сүйіп жарытпас...

«Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деген екен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Тілің мен ділің, дінің, дәстүрің мен ғұрпың сақталмаса, сен ешкім емессің. Әлеуметтік желіде Бекжан Тұрыстың «Сақтан қалған салтым бар, ғұннан қалған ғұрпым бар, түркіден қалған жұртым бар» деген сөзін көріп қалдым. Қандай керемет! Бірақ біз осы құндылықтың байыбына барып жүрміз бе?! Осы, ойланарлық нәрсе.

Жүрегінде титтей де болса, ұлтжандылық бар адам тым құрыса, ашқан дүкенінің немесе мейрамханасының атын қазақша қояр еді. Аңшылық қару-жарақ орталығын «Қансонар», тамақтану орталығын «Дәмді», сән орталығын «Сұлу» деп қойса, несі кетіп жатыр?! Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған ортасы деп ұлттық құндылықтарды ұлықтайтынымызды айтамыз. Бірақ әрекетіміз бен сөзіміздің арасы атақты академик Асқар Жұмаділдаев ағамыз айтпақшы, алшақтап барады. Қазір сантиметр емес, шақырымға шақ қалды. Мұның барлығын жаһандану деп жұлқынып барып, жұтылуға асыққанымыз деуге болатындай.

Айырқалпақты деп қырғыз ұлтын менсінбейміз, бірақ олар біздің қасымызда құндылықтарын төріне шығарғанымен мықты. Қазір тіпті, мемлекеттік қызметкерлерінің барлығын мемлекеттік тілге міндеттеп жатыр. Құптарлық жайт. Кейде тіпті, халқымыздың қаймағы деп құрмет тұтқан мықтыларымыздың өзі балаларын орыс мектептеріне беріп жатқанын көріп, қынжыласың. Сонда біз кімге қарап үлгі алып келеміз?!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жазғанда ішінде елдігіміздің, сондай бір батыл, ерлігіміздің, өзгелермен теңдігіміздің айқын көрінісін ашып алғандай болдық. Анығы сол: қазақы қалпымыздан ажырап бара жатқан соң бізге осындай бағдарлама керек болды. «Рухани жаңғыру» арқылы ұмытылғанымызды ойға алдық, жоғалтқанымызды қолға түсірудеміз. Міне, бізге осындай өміршең дүние керек.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Бала бастауыш мектепте бар пәнді тек ана тілінде ғана оқуы керек» деген екен. Міне, тіл мәселесінің мінберден түспеуіне ең алдымен баланы жастайынан туған ана тілінде тәрбиелеу жетіспей жатыр. Әйтпесе, баланың тілі қай тілде шыққанына байланысты қалыптасатынын қазақ атамыз әлдеқашан айтып кетті емес пе?! Ұлт ұстазы тағы бірде «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деп ой толғайды. «Шыбықты жасында қалай исең, солай қарай майыса өсетіні» де осыдан айқын.

Қыркүйек айы Білім күнімен басталып, тілдер мерекесіне жалғасады. Ал 5 қыркүйек, Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Елім деп өткен ердің әрбір ісі – кейінгіге өнеге. Бірақ, ата-баба әруағынан ұялатын сәттер болады. Осы біз олардың мирас етіп берген құндылығын өз дәрежесінде ұлықтап жүрміз бе? Ой таразысына салуды оқырман еншісіне қалдырдым.

Айнұр ТАЛПАҚОВА,
№44 орта мектеп мұғалімі,
Сырдария ауданы

«Адал азаматқа тән қасиет әрбір жастың бойынан табылу керек»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты бағдарламалық мақаласында өзекті мәселе көтерді. Мемлекет басшысы «Саяси-экономикалық реформаларды қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістермен қатар іске асыру керек. Бұл – маңызды міндет» деген болатын.

Жалпы, кез келген өзгеріс қоғамды түгел қамту керек. «Елімізде жаңа қоғамдық этика қалыптасуы керек. Онда ел бірлігі және тұрақтылығы, әділдік, заң мен тәртіп, сенім және жауапкершілік сияқты құндылықтар үстемдік құру қажет. Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс. Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады» деп атап көрсетті.

Адалдық – адам бойындағы асыл қасиет. Жан дүниесі, рухани әлемі таза адамның әрқашан абыройы асқақ, беделі жоғары. Қазақ халқы «Адамдықтың нұры бол, адалдықтың құлы бол» деп келер ұрпақты ақиқатты ардақ тұтуға шақырады.

Мемлекет басшысы «Адал азаматқа тән қасиет әрбір жастың бойынан табылу керек. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас үштағаны деуге болады. Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек», яғни білім беру, ғылым, мәдениет туралы түйткілді мәселелерді қозғау қоғамға зор жауапкершілік артады. Жас ұрпақ тәрбиесі қай уақытта да өзінің құндылығын, өзектілігін жоймайтын маңызды мәселе. Халқымыздың сан ғасырлық тарихында балаға жан-жақты тәрбие берудің өзгеге ұқсай бермейтін ерекше талаптары қалыптасты. Бала тәрбиесі баршаның ісі болған. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мәтел бекерге айтылмаса керек.

Рухани-адамгершілік тәрбие идеялары қазақтың ұлы ойшылдары мен ағартушыларының еңбектерінде де көрініс тапқан. Қорқыт ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаевтар еңбектерінде жастардың рухани жетілу мәселесіне мән берген. Ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген дана тағылымынан тәрбиенің орны ерекше екенін көруге болады. Абыз Қорқыт бабаның ойы, қанатты сөздері, өсиеттер, аңыз-жырлар ретінде беріліп, философиялық тұжырымдамасының негізін құрайды. Оның өсиеттерінің басты тақырыбы – адам ғұмырының философиясы мен мән-маңызы, адамгершілік қасиет. Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесі кез келген ортада өзін ұстауынан, қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығынан көрінетіндігін айту керек.

Айгүл ӘБДІРАМАНОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
философия ғылымдарының кандидаты



ТРЕНДКЕ АЙНАЛҒАН ТРЕНИНГТІҢ ТӘЛІМІ ҚАНДАЙ?

Бұрын көпті көрген ел ақсақалдары жұртты жиып жиын өткізіп, аталы сөз айтып, келелі іске батасын беретін. Абыз ақсақалдардың әр айтқан сөзі өнеге аларлықтай мәнді әрі үлгілі іс қыларлық игі әрекеттер еді. Төрелікті тауып айтып, талай жанға жол нұсқайтын. Иә, қазыналы қариялар айтқан ақылына ақы, кеңесіне көк тиын сұрамайтын. Елдің бүтіндігі мен бірлігі үшін қолдан келгенше қарекет етіп, әр отбасының сүттей ұйып, тату-тәтті өмір сүруін тілеген. Қысқасы, жорытқанда жолдың болуы да, істің оңалуы да аталы сөздің адуынды күшінен емес пе? Оның үстіне батамен көгеріп, өсіп-өнген ел емес пе едік?

Ал, бүгінде бабадан қалған есті әрекет пен игі іс басқаша бұрмаланған сыңайлы. Оған себеп, әлеуметтік желілердегі жарнамасы жер жарған тренингтер мен түрлі курстар, «жолыңды ашып беремін» деп жарияланған жаттанды сөздер.

Майда тілді тренерлер түрлі тақырыпта тренинг өткізіп, ақыға ақыл айтып, тіпті курс құнын да шарықтатып жібереді. Тақырыптарын толық тарқатып тізбектер болсақ, сан жетпес. Себебі, кіл ақылдылар отбасындағы кикілжіңді де шешіп, байытуға да септігін тигізіп, табыс табудың көзін үйретіп, жолын ашып беріп, әйтеуір жан-жақты жағдайының жетілуіне ықпал ететінді. Бірақ нәтиже қандай? Оны «кеңес береді» деп көл-көсір ақшасын төлеп, тренингке тіркеліп, курсқа таласа-тармаса жазылғандар біледі. Әлбетте, өзгелер кімнен кеңес аларын, не үйренерін өзі шешеді. Тиісінше, мамандардың да еңбегін еш кетірмейміз. Бәлкім, алған кеңесімен көсегесі көгеріп, жетістікке жеткендер де бар шығар. Дей тұрғанмен, төлеген төлеміне сай қажетті білімін алмай өкпелегенді, басын тасқа ұрғанды қайда қоямыз? Білгіштер бизнеске бейімдеп, кәсіп ашуға дағдыландырады. Бірақ оның қыр-сырын меңгертіп, егжей-тегжейін түсіндіріп, бүге-шүгесіне дейін айтатындар аз. Нәтижесінде бірі кәсібін дөңгелеткен кәсіпкер атанса, енді бірі шала білімнен соң жарға жығылып жатады. Сондай-ақ, кейде көпшіл қауымға тегін курс, тренинг өткізетінін айтқанда қуанасың һәм ойланасың. Соңында тегін өткізгеннің де «тегін» емес екендігін ұғынасың. Ойлағанымыз дәл, айтқанымыз айдай келіп, бәрің айтып, түсіндіріп, қызықтырғаннан кейін толығырақ білу үшін ақылы курстың сілтемесін сақадай сай етіп дайындап қояды. Әрине, бұл жерде әлгі мамандар халықты қинап-қыстап қатыстырмайды. Дегенмен, жалаулатып жарнамасын жасаған соң көпшілік қатысып көруге ниет қылады. Осындайда тренерлер қаражатпен қалтасын қалыңдатқан соң, төленген құнына сай білім берсе дейміз.

Айтпақшы, мұндай түрлі сабақтың құны әртүрлі. Тіпті миллионға дейін етеді. Арзан деген кей курстың құны 9990 теңгені құрайды.

Қазіргі таңда мотивация беретін мотиваторлардың да мәртебесі биік пе дерсің? Олар да арасында өмір жайлы толғанып, азды-көпті көрген, білгенімен бөліседі. «Былай істеу керек, бүйту керек» деп сөздің майын тамызып, жан сырының тиегін ағытып тарқатқанда аузын айқара ашып қалатындар аз емес. Сол түйгенімен, соның буымен бәріне белсене кірісіп, тау мен тасты қопаруға дайын болатындардың құлқы әп-сәтте жоғалады. Өйткені, айтылған әдемі сөздер санаға сіңгенімен, еңбек етуге келгенде кежегесі кері тартып, әлденені істеуге қолы бармайды. Сосын қаз-қалпына қайта оралады. Тегінде, ауызбен орақ орып, іс жүзінде орындалмаса одан асқан сәтсіздік жоқ-ау. Сондықтан, мотиватордың кеңесіне мұқтаж болып, құлақ асқысы кеп бара жатса, оны түртіп алуға болады. Бірақ, кейін адам өз-өзін жігерлендіріп, қажет кезде өз-өзін қамшылап отыруы тиіс. Жігер мұқалмаған жағдайда ғана жетістікке жетері сөзсіз.

Отбасылық коучтар да кең етек алуда. Бүгінде «бақытты әйел болудың құпиялары» сынды түрлі тақырыпта курс тарап, кеңес берушілер қаптап кетті. Яғни, біршама әйел адамдар отбасындағы жағдайды қалыпқа келтіру үшін қандай да бір кеңеске құлақ асып, парақшаларға бас сұғып отырады. Осындайда өткен кезеңге көз жүгіртіп, еріксіз ойға шомасың. Кезінде қазақ әйелдері отбасындағы әңгімені тысқа шығармай, талай қиындықта табандылық танытып, байыпты мінезімен бәрінің бабын тауып, туындаған әр жағдайды ақыл таразысына салып, парасаттылығымен реттеп отырған еді. Отбасының ұйытқысы атанып та, ел анасына айналып үлгерген де қайсар әйелдер көп болған. Сайып келгенде, ешкім болашақты болжай алмайды. Әрі тағдырдың қандай тарам-тарам жолдарға тап келтіретінін әлдекім айта алмайды. Жамандықтан сақтайды деп берген, тағылған тұмардың да тұрлаулы болатынына кепіл жоқ. Бәрі Жаратқанның жарлығымен болады. Асылында, адам өз-өзін жетілдіріп, қанаттандырып отырмаса, әлгі берілген білімнен пайда жоқ. Сондықтан адам тек өзіне және ақылы мен қажырлы қайратына ғана сенгені абзал.

Түйінін айтқанда, нағыз философия Абай мен Шәкәрімнің, қазақтың маңдайына біткен жазушыларының еңбектерінде жатыр. Ақылына ақы сұрамайтын кітаптарды оқып шықса, көп нәрсеге көз жеткізіп һәм меңгеретіні анық.

Зарина АЙМАН,
студент

ӘДЕП ПЕН ҚАЖЕТ

Бала күні әулетте үлкен жиын бола қалса, төрдегі бас бөлмеге кіруге асығатынбыз. Онда үлкендер отырады, кіре қалсаң арқаңнан қағып, батасын беріп «Азамат бол!» дейтін. Астан асатып, бірнеше тілектерін арнап үлгеретін. Одан қалды үлкен астан кейін құман, легенімізді алып үлкендердің қолына су құятынбыз. Артынша көнекөз қариялар «Шырағың сөнбесін, айналайын» дейтін. Бұл – бала күнгі естеліктер.

Жай ғана естелік емес, есті естеліктер. Міне, одан ержетіп, «қала баласы» атанғанда біздің түсінікке қайшы, санамызға сыймайтын бір әдетті көрдік. Атадан «шырағың сөнбесін» деген абзал тілекті тыңдап өскен біз үшін торт шырағданын үрлеп өшіру бейәдеп көрінетін. Бұл – туған күн иесінің қатысуымен жүзеге асатын қазіргі дәстүрлі рәсім. Жаңа жасты толтырған жанға торт ұсынып, оған шырағдан жағып, тілегін тілеткізіп, әлгі шырақты өшіртеміз. Әрине, торт шырағымен бірге адам жанының шуақты шырағы сөнбеуі мүмкін. Дегенмен, сырттан келген сиқысыз салтты ұрып көргеннен ата жолынан аяулы болған «Шырағың сөнбесін» деген бір ауыз сөз мерейлі, мейірімді көрінбей ме?! Тұрмысымызбен біте қайнасып кеткен осы секілді қайшы тірліктердің әдебі қайсы, қажеті қайсы, бүгінгі жазбада соған тоқталғым келеді.

Туған күнге келгенде тағы бір түсініксіз амалға барып жүргеніміз жасырын емес. Әлгі дүние қаншалықты дұрыс емес екенін біліп тұрсақ та, соншалықты белең алып бара жатыр. Туған күнінде «байғұстың» бетіне тұтас тортты лақтырып, артынша ұнмен әрлеп, жұмыртқаны басына шөкелеп жарамыз. Туған күнімен құттықтап жатқан емес, оны тап бір қолымызға түскен затпен жазалап жатқанға ұқсаймыз. Қош, бас жарылып, көз шығып жатқан ештеңесі жоқ, оның үстіне өзі де риза. Болған жайтты әлеуметтік желіге бөлісіп, салып қояды. Алайда ұлттық түсінігімізде обал, сауап, ысырап деген құндылықтар бар еді ғой… Ашаршылық уақыттары дәнді де талғажау етпеп пе еді, біздің бабаларымыз?! Осындайда орыс ойшылы Лев Толстойдың: «Мен адамдардың аштығынан емес, тоқшылығынан қорқамын. Қазіргі бұзақы әдеттердің барлығы аштықтан емес, тоқтықтан шығып жатқандығы белгілі» деген сөзі ойға оралады. Біреу тоңып секіреді, енді біреу тойып секіредінің кері келмесін. Құран Кәрімде ысырап ету туралы «…Жеңдер, ішіңдер әрі ысырап етпеңдер. Ақиқатында, Алла ысырап етушілерді жақсы көрмейді» және де «Негізінде ысырапшылар – шайтанның ағайындары. Ал, шайтан Раббысының игіліктерін мүлдем мойындамайды» делінген. Адами көзқараста да ысырап ету дұрыс саналмайтыны айтпасақ та белгілі.

Әдебімен жасасақ, қажетімізге жарар талай әдет-ғұрып жоқ емес. Солардың бірі – бала шыр етіп дүние келгеннен басталатын шілдехана, бесік той секілді думанды жиындар. Әр амалының астарында ғибрат бар ғұрыптың қазіргі бейнесі мүлде бөлек. Перзентхана маңында аспабын асынып, әнге салып, одан қалды қымбат көліктерді жалдап, жаңа босанған келіншек пен баласын дүркіретіп шығарып алатындардың қарасы қалың. Қош, біреудің қуанышын күндеуден аулақпыз. Дегенмен, қайғы мен қуаныш қатар жүретіні заңдылық емес пе? Әлгі жерде біреуі баласын аман-есен босанып жатса, енді біреу тоғыз ай көтерген шақалағынан айырылып, қайғыдан қан құсып жатқан жоқ па?! Сіздің дарылдатып қойған әуеніңіз бен салтанатыңыз қара жамылған екінші бір отбасының жүрегіне қаяу салмай ма?! Мұны кім ойлайды? Мұндайда қазекең «Көршің соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр» дейтін еді ғой...

Тек жоқты айтып, адамды түңілдірді демеңіз, бұл сіз бен біз өмір сүріп жатқан қоғамның кемшін тұстары. Тағы бір қисынсызы – жастар тойында көрсетіліп жүрген «Love Story». Сценарий былай басталады, кенеттен кездесіп қалған екі жас ессіз ғашық болып, сезім атты жолға түседі. Арты аймаласқан сюжеттерге ұласады. Қос ғашыққа сай көрініс болғанмен көпшіліктің көзінше тамашалайтын дүние ме бұл?! Ата-ене, жақын-жұрағаттың көзінше әйеліне сезімін ашық көрсету әдепке жата ма?

Әдебімізден жаңылып, қажетімізге кіріп кеткен қазіргі қоғамның тағы бір ерсі көрінісі неке амалы. Мәһрден бастайық. Бірнеше ай бойы мәһрге қымбат үй, жоғары санаттағы көлік, бағасы балтырыңды сыздатып, ішіңді ашытатын алмас тасты алтын бұйымдар сұрайтын бойжеткендердің бейнежазбасы әлеуметтік желіде көптеп тарады. Иә, сыйлық құны 30-35 грамм алтын немесе соған шамалас қаражаттан кем болмау керек деген шарт шариғатымызда болғанмен «мынаншадан аспау керек» деген дүние жоқ. Бұл әйелдің ақылдылығы мен адамдық өлшеміне саятын іс. Ақылды әйел қажетіне жарайтын зат сұрайды. Асылында, мәһр сыйлығы алда-жалда азаматы бақиға бет бұрса, әйелдің күн көрісіне жарайтындай болу керек. Сол мұқтажын өтесе болғаны, айды сұраудың қажеті жоқ. Ал, сыйлықты міндеп жігіт алып бере алмаса азаматтығына сын. Үлкендерден сұрасақ, өткен уақытта ондай шектен тыс әрекеттер болмаған. Сонда бұл тойынғандықтың белгісі ме, әйтеуір түсініксіз.

Үйленіп, мәһрін сұрап, артынша Жаратқанның жарлығымен бойына бала бітіп, артымнан тізгін тартар ұлым немесе жіп иірер қызым өмірге келеді деген қуаныштың да әдебінен шығып кеткен секілдіміз. Келесі кезекте «Gender party» жайлы айтсақ. Жас отбасының барлық досы жиналып, оларға баланың жынысын жасырады. Екеуі шар жарады, ішінен көк түс шықса ұл, қызыл түс шықса қыз деген белгі бар. Ал, біздің ұлттық түсінігімізде қалай еді? Үлкен енелер келіннің іші білініп, босанар уақытқа дейін жұрт көзінен тасалап, «көз тиеді, аман-есен босанып алсын» деп ырымдайтын еді. Бала босанғаннан кейін де қырық күн өткенше көзден, сөзден қоритын...

Бүгінгінің базынасы осындай, енді бізді көріп өскен жастардың жайы қалай болатынын пайымдаңыз. Телеарналарда, әлеуметтік желілердегі ашықтық осыған дәріптейтіндей. Бірі білер, бірі білмес, «YouTube» хостингі арқылы бұқараға мәшһүр жобалардың бірі – «7я» ютуб сериалы бар. Тамашалауға тәуір дегеніңізбен, мұнда бейәдеп дүние көп және оған көз жұма қарау да ауыр.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» тәмсілінің бүгінгі бейнесі «Ел боламын десең, телеарнаңды түзе» дейтін уақытта теледидарға телмірген қоғамды, әлеуметтік желіге байланған бұқараны қайда бастап барады?

Асылында, әдебімізден айырылмай, қажетімізге керегін ғана тұтынған абзал секілді. Өткеннен нәр алмайтын, бүгінмен байланыспайтын, болашақпен қиылыспайтын осынау түсініксіз тұрмыстық амалдардың керегі қанша? Тұран даланың сан ғасырлық тұрғыны болған біздің дана халқымыздың ежелден келе жатқан, сындарлы сәттерден өтіп шындалған, өміршеңдігін дәлелдеген амал аз ба? Жоқ болса екен, «өзгенікін» өзімізге әкелетін... Мұның барлығы да ешбір жерде заң болып жазылмаған, кодекс болып қабылданбаған, тек адамдық пайымның өлшемінде ғана бекітілген ұстанымдар емес пе?!

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ЖАҢА ҒИМАРАТ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Жуырда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласына қарасты Ақсуат ауылдық округі Ж.Махамбетов ауылындағы жаңа спорт кешенінің ашылу рәсіміне қатысты. Еңселі ғимарат «Самұрық-Қазына» қорының 15 жылдығы тұсында ауыл тұрғындарына тарту етілді.

Шараға «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов қатысты.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын жаңа спорт кешенінің ашылуымен құттықтады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес аймақта спорт саласын дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Ел Президентінің бастамасымен өткізілген «Балалар жылында» демеушілер 1 млрд 600 млн теңгенің 80 спорт-ойын алаңын балдырғандарға тарту етті. Соның 50-і Қызылорда қаласында орнатылды. Демеушілер бұл жұмыстарды биыл да жалғастырды. Үкімет қолдауымен аймақта спорт құрылымдарын дамыту үшін ауқымды жобалар жүзеге асуда. Бүгінде облыста 11 спорт кешенінің құрылысы қарқын алды. Оның ішінде Тасбөгет кенті мен Қызылжарма ауылдық округінде салынуда», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов құттықтау сөзінде қызылордалық спортшылардың алдағы уақытта да биік белестерді бағындыруына тілектестік білдірді.

«Өңірлердегі қайырымдылық жобаларын қолдау – «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметіндегі басым бағыт. Ж.Махамбетов ауылында көпсалалы спорт кешенін салу өзіміз бастама танытқан жоба екенін атап өткім келеді. Мұнда қажетті спорттық құрал-жабдықтар бар, спорт секциялары мен алаңдарда мектеп оқушыларынан бөлек тұрғындар да жаттыға алады. Өскелең ұрпақтың денсаулығы біздің балаларға жасайтын қамқорлығымызға тікелей байланысты. Әрбір жоба арқылы біз олардың болашағына керекті сапалы білім берумен қатар, әлеуметтік ахуалын жақсартамыз. Осы спорт кешенінен чемпиондар өсіп шықсын деген ақ ниеттеміз!», – деді Басқарма төрағасы.

Мерекелік шарада ауыл ақсақалы Қыпшақ Рүстембеков ел ағалары атынан бата берді.

Аумағы 1504 шаршы метрлік жаңа спорт кешені спорттық шараларды өткізуге арналған. Мұнда волейбол, шағын футбол, баскетбол алаңдары жабдықталған, теннис корты, күрес алаңы, екі жолақты жүгіру жолы бар. Бұл – «Самұрық-Қазына» АҚ демеушілігімен салынып, биыл пайдалануға берілетін еліміздегі 5 кешеннің алғашқысы.

Бұған дейін аймақ басшысы Шиелі ауданына жұмыс сапармен барып, жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан болатын. Ашылу салтанатында сөз алған облыс әкімі спорт саласындағы айтулы сәтті тілге тиек еткен еді.

Өткен жылы Шиелі кенті «Көкшоқы» шағын ауданындағы спорт кешені жөнделіп, бүгінде онда тұрғындардың спортпен айналасуына барлық жағдай жасалған. Жастардың байрақты бәсекелерде, дүбірлі додаларда топ жаруына заманауи үлгідегі осындай нысандардың қосар үлесі мол», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Расында Сыр саңлақтары спорттық додаларда жеңіс төрінен көрінуде. Аймақ спортшылары биылғы 7 айдың қорытындысы бойынша ҚР чемпионаты мен кубоктарында 552 (175 алтын, 165 күміс, 212 қола) медаль жеңіп алса, Әлем және Азия чемпионаты мен кубоктарында 76 медальға (32 алтын, 24 күміс, 20 қола) қол жеткізді. Атап өту керек, бүгінде облыс тұрғындарының 38 пайызы, яғни 316 мыңнан астам адам бұқаралық спорт түрлерімен шұғылданады.

Қызылорда қаласының сол жағалауында салынуы жоспарланған «Көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» жобасы оң шешімін тауып, республикалық маңызы бар спорт ғимаратының құрылысы басталды. Жоба құны – 6 млрд 900 млн теңге. Бұдан бөлек, 7 мың адамға арналған «Қайсар» футбол командасының заманауи стадионының құрылысы жақын күндері басталмақ.

ЖІБЕК – ЧЕХИЯ ТУРНИРІНІҢ ЧЕМПИОНЫ

Қазақ елінің теннисші қызы Жібек Құламбаева Чехияның Прага қаласында өткен халықаралық турнирдің жұптық сынында чемпион атанды.

ITF W60 турнирінің финалында жерлесіміз поляк қызы Мартина Кубкамен жұп құрап, италиялық Ангелика Мораделли мен Камилла Роазтеллоны екі сетте 7:6, 6:4 есебімен сүріндірді.

Қазақстандық теннисші Польша өкілі Мартина Кубкамен бірге финалда жарыстың 1-ракеткалары, италиялықтар Ангелика Мораделли Камилла Розателломен бас жүлдені сарапқа салды.

Бірінші партияда таразы басы алма-кезек ауып, тай-брейкте Құламбаева мен Кубка ептілік танытты – 7:6 (7:3).

Екінші сетте брейк жасаған қазақ пен поляк қызы сол басымдықты берген жоқ – 6:4.

Тартысты өткен матч 1 сағат 45 минутқа созылды.

Жібек бұдан бұрын белоруссиялық Юлия Готовкомен бірге Римде дәл осындай додада чемпион атанған еді. Міне, енді сол табысын қайталап отыр.

Ол Сербияда өткен турнирдің жұптық сынында да жеңіске жеткен болатын.

АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДА АЯҚТАЛДЫ

Жалағашта өткен XI ардагерлер спартакиадасында 7 спорт түрінен денсаулық саласы, кент және ауылдық округтерден 16 ардагерлер команда бақ сынады.

Барлық сайыс қорытындысы бойынша командалық есеппен Мәдениет ауылдық округі жүлделі III орын, Жалағаш кенті жүлделі II орын, Ақсу ауылдық округі жүлделі I орынды иеленді.

Ардагерлер спартакиадасына 200-ге жуық ардагер қатысты. Сайыс шартына сәйкес ауыспалы кубок Ақсу ауылына тиесілі болды. Спорттық жарыс 2011 жылдан бері дәстүрлі түрде өз жалғасын тауып келеді.

АНАДОЛЫДАҒЫ АЯҚДОП: ЗАЙНУТДИНОВТЫҢ ЖЕҢІСІ

Соңғы жылдары қазақ футболының аяқалысы көңіл қуантып келеді. Байрақты бәсекедегі жеңісті сәт ел мерейін көтерсе, ойыншылардың кәсіби өсуі саланың даму деңгейінен хабар беруде. Мәселен, жуырда қазақстандық футболшы Бахтияр Зайнутдиновтың түркиялық «Бешикташ» командасына ауысуы осы үрдістің әлі де жалғасқанын білдіргендей.

Қазақстан құрамасының жартылай қорғаушысы Бахтияр Зайнутдинов жемісті жолы отандастар назарында. Алғашында оның команда ауыстырған туралы жаңалық тараса, кейін Ыстанбұлға қоныс аударғаны да белгілі болды. Көп өтпей, жанкүйер көкейіндегі сауалға «Бешикташ» баспасөз қызметі жауап берді. Клубтың инстаграм парақшасында арнайы ақпарат жарияланып, негізгі жаңалық айтылды:

«Қазақстандық футболшы Бахтияр Зайнутдинов біздің клубпен трансферлік келіссөзді аяқтау үшін Ыстанбұлға келді. Зайнутдиновты біздің вице-президент Серхан Четинсай әуежайдан қарсы алды», — деп жазады инстаграмда.

Қазақстандық футболшы 2020 жылдан бері Мәскеудің ЦСКА клубында ойнады. Үш жылда ЦСКА үшін 83 матч өткізіп, 7 гол соқты. Содан болар, өзге елдегі клубтар болашағынан үміт күттіретін спортшыны өзіне алуға әрекет жасады. Тіпті, түрікиялық БАҚ «Бешикташ» Бахтияр Зайнутдинов үшін мәскеулік ЦСКА-ға 4,5 миллион еуро төлейтінін жазған болатын. Transfermarkt порталының мәліметі бойынша, Зайнутдиновтың трансферлік құны 6 миллион еуроны құраған. Қазақстан құрамасы ойыншысы жаңа клубында жылына 1,2 млн еуро жалақы алады. Келісімшарт 2027 жылдың жазына дейін жалғасады.

Айта кетерлігі, Зайнутдинов Түркия чемпионатында легионер болып саналмайды. Жаңа ережелер бойынша суперлиганың әрбір қатысушысы 14 легионерден басқа түркітілдес елден, яғни Әзербайжан, Қазақстан, Түрікменстан, Қырғызстан немесе Өзбекстаннан келген бір футболшыны қосымша мәлімдей алады.

«Мен өте қуаныштымын! «Бешікташ» - тарихы терең мен өте жақсы жанкүйерлері бар клуб. Менің Инстаграм парақшамда «Бешікташ» жанкүйерлерінен көптеген хабарламалар болды. Мен өте қуаныштымын!», - деді Бақтиер.

Командаға қабылданғанына ай толмай Зайнутдинов алаңға шықты. Ол «Бешикташ» командасының сапындағы алғашқы ойынын өткізіп, оған қоса шешуші гол соғуға қол жеткізді. Тарихи сәт «Бешикташ» пен Украинаның «Динамо» клубы арасындағы ойында орын алған. Қос команда конференция лигасы плей-офф кезеңінің алғашқы ойынында кездесті.

Бухаресттің «Джулешти» стадионында өткен матч қызу талқы тудырды. Кездесуде «Бешикташ» қарсыласынан 3:2 есебімен басым түсті. Сондай-ақ «Бешиктас» сапында Винсент Абубакар (40-шы, пенальтиден) пен Омар Колли (64-ші) гол соқса, «Динамо» сапында Николай Шапаренко (60-шы) мен Назар Волошин (66-шы) гол соқты. Команданың қарымта кездесуі 31 тамызда Ыстамбұлда өтеді. Еске салайық, бұл кездесудің жеңімпазы Конференция лигасының топтық кезеңінде өнер көрсетеді.

Кездесу барысында Зайутдинов 95-минутта қарсылас команда қақпасын дәл көздеп, жеңіс алып келді. Ол алаңға екінші тайм барысында Артур Масуакуды алмастырып шыққан еді. Дебют сәтті болып, отандасымыз 95-минутта жеңіс голын соқты.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІНІҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында үстел теннисінен аудан біріншілігі Қармақшы ауданы, Жосалы кентінде өтті.

Жарысқа барлығы 49 спортшы қатысты. Шараның негізгі мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Жарыс қортындысы бойынша қыздар арасында III орын Інкәр Темірбекова мен Медина Бақытбековаға, II орын Жарылқасын Нұрбануға, I орын Атахан Нұрбануға бұйырды. Ал ұлдар арасында III орынды Назар Нұрислам мен Рамазан Бектайев жеңіп алса, II орынды Кеңес Қайсарға, I орын Назар Нұрбекке бұйырды.

Жарыс жеңімпаздарына аудандық мәдениет және спорт бөлімінің дипломдары медальдарытабысталды.

Риэлтор: «3 жылда 200-ге жуық үй саттым»

– Сату менеджері қызметіне орналасқалы бері қанша үй сатып үлгердіңіз?

– 2018 жылы ашылған «Шаңырақ» агенттігі жылжымайтын мүлікті сатумен айналысады. Яғни келісімге келіп, үй сатамыз. Бүгінде агенттікте жұмыс істегеніме 3 жыл болыпты. Осы уақыт аралығында 200-ге жуық үйді саттым. Әлбетте жұмысыма қызығушылығым жоғары. Табатын табыстан бөлек, көптеген адаммен жаңа қарым-қатынас құрып, түрлі сатып алушымен байланыста боламын. Бастысы, жұмысыңа көңілі толған жанның жылы лебізі мен айтқан алғысы еңбектің еш кетпегенін білдіреді. Тіпті кейбірі қоныс тойына шақырады. Сондықтан мұның өзі қуаныш дер едім.

– Жалпы үй сатуда қандай да бір келеңсіздік кездесе ме?

– Жұмыс болған соң түрлі жағдай орын алады ғой. Бәрі бірден жүзеге асып, сәтімен бола қоймайды. Иә, кейде кедергілер кездеседі. Мәселен, үй иесі мен сатып алушы арасында түсінбестік туындаса, табыстыруға тырысамыз. Екі жақтың мәмілеге келіп, бір-бірінің ұсыныс-пікірін ескеруі маңызды. Әсіресе, бағаға келгенде ашық сөйлескені тиімді. Мұндайда ортақ шешімге келуіне біз де себепкер боламыз. Қысқасы екі тарапта да реніш болмай, риза болуы үшін атсалысамыз. Кей кезде нотариуста құжаттар бойынша да келеңсіздік болса, көмек беруге әзірміз.

– «Шаңырақ» агенттігіне тұтынушылар дән риза. Тіпті кейбір үйлер екі күн ішінде сатылады екен. Ал, қол байлайтын ұзақ мерзім қандай?

– Келісімшартта көрсетілгендей 4 ай көлемінде үй жарнамасымен айналысып, сатуға тырысамыз. Пәтерді сатылымға қойған соң, 1-2 аптадан кейін өтіп кетеді. Ал ұзақ мерзімді алатын кәсіптік нысандар мен жер үйлер. Бірақ күнді созбақтап, уақытты алмай, бекітілген мерзімде жұмысты аяқтауға тырысамыз. Біздегі мақсат – тұтынушының сенімін ақтау. Әрі жұмыс өнімді болсын десек, әрекет еткеніміз өзімізге жақсы.

Сондай-ақ, қайсыбір дүние өтімді болу үшін жарнама жақсы болу керек. Сол себепті жан-жақты жарнама жасап, көпшілікті үйлердің сатылымға шыққанынан құлағдар етеміз. Бізде жарнама «ютуб», «инстаграмм», «тик ток» әлеуметтік желілері арқылы жүргізіледі. «Шаңырақ» қосымшасына да жариялап, байланыс нөмірімізді қалдырамыз. Қазір қолданыстағы «Olx», «Крыша» қосымшасы тек сурет арқылы жарнама жасаса, біз видеоға түсіріп те дайындаймыз. Яғни, көпшілік үй бөлмелерін еркін көріп, таңдау жасауына мүмкіндік бар.

– Үйдің лайықты бағасын қоюда көңіл бөлетін критерийге тоқталсаңыз. Қазіргі таңда үйдің жоғары бағасы қанша? Ол алдағы уақытта тағы өсуі мүмкін бе?

– Үйді сатылымға қою үшін алдымен орталыққа қоңырау шалады. Сосын агенттіктегі қызметкер менеджерлерге бөліп береді. Әрі қарай жарнамасын жасап, жұмысты жүйелеймін. Негізі үйдің жылына, шаршы метріне назар аударамыз. Сонымен қатар кепілдікке қойылған ба, жоқ па соны анықтаймыз. Яғни жылы ескі үйлердің бағасы да төмен болады. Осындай жайттарды бақылап, сатылымға үйін қойған адаммен «мынадай баға қойған дұрыс» деп ақылдасамыз. Өйткені бағаның үйге лайықты қойылғаны дұрыс. Сонда тез өтіп, ұзақ уақыт алмайды. Қазір жаңа үйлердің бағасы қымбаттап, ескі үй бағасы төмендеп жатыр.

– Ауыл немесе қала үйлерінің қайсысы сатылымға көп шығады? Және қайсысына көбірек қызығушылық бар?

– Негізінен ауыл-аймақтағы үйлерді сатумен айналыспаймыз. Шеткі аймақ дегенде Талсуат пен Сабалақ мекен-жайындағы үйді сатуға шығарамыз. Тек қала ішіндегі үйлерді қамтимыз.

Сұхбаттасқан
Замира ҚОНЫСЖАН

Қазіргі таңда мүлік пен пәтерді «қалай сатамын?» деп ешкім бас қатырмайды. Тамыр-таныс жағалап, сыртқы есікке «үй сатылады» деп жазудың да дәурені өткен сыңайлы. Өйткені бұл жұмысты риэлторға тапсырса, жер жарған жарнамамен-ақ әп-сәтте үйді сатып береді. Сондай-ақ, талап пен шартты ескеріп, нұсқаулық беріп, құжат рәсімдеуде де қол ұшын созады. Бұған үй сатуды үйлестіріп, сенім үдесінен шыққан аймақтағы «Шаңырақ» агенттігі айғақ. Сол себепті сала маманы Азат Прмановпен әңгімелесіп, жұмыстың қыр-сырымен танысуды жөн санадық.

Оқушылар ұсынған үздік идея

Қаладағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары көптеген белесті бағындырып жүр. Оқушылары да бірталай жоба қорғап, елге танылуда. Әрине, бұл жетістік те, жеңіс те ұстаздар сіңірген еңбектің жемісі.

Жақында Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектепте өткен «World Robot Olimpiad – 2023» әлем чемпионатының ұлттық кезеңінде Сыр өңіріндегі NIS оқушылары үш жүлделі орын иеленді.

Атап айтар болсақ, «Future Engineers» санатында сайысқа түскен 10-сынып оқушылары Нұрдәулет Әділбек пен Ернұр Сәду автономды көліктер құрастырып, оларды сынамадан өткізді. Нәтижесінде бір командаға ғана есе жіберіп, күмістен медаль тақты.

– Жобаға ұзақ дайындалдық. Нәтижесі жаман болмады. Алдағы уақытта да бұл жобаны әрі қарай дамытамыз деген ойдамыз. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Сыныптастарым да, мектеп оқушылары да жан-жақты, білімге құштар. Ізденімпаз. Мен осындай ортада жүргеніме, білім алуға ынталы оқушылармен бірге оқып жат-қаныма қуаныштымын, – дейді Ернұр Сәду.

Үздік шыққан 11-сынып білім алушылары Максим Усольцев пен Дінмұхаммед Абдиев те II орынмен марапатталды. Сыр елінің қос командасы роботтар олимпиадасының қараша айындаөт етін ақтық кезеңіне жолдама ұтып алған.

– Қай уақытта да білім саласы назардан тыс қалмайды. Білім алып, ұстаздардың айтқанын бойға сіңіру арқылы жеңістің дәмін татып келеміз. Оған дәлел жақында II орынға қол жеткіздік. Ұстаздарыма ерекше алғыс білдіргім келеді, – дейді Дінмұхаммед Абдиев.

10-сынып оқушылары Амина Омарова мен Жасия Болатта шығармашылық сайыста «Prediction of Tsunami» атты жобаларын таныстырып, III орынды иемденді. Бұл автоматты жүйе табиғат апаты – цунами туралы алдын ала ескертіп, апатқа қарсы жасанды толқын жасап, қауіптің алдын алуға мүмкіндік береді.

– Соңғы 20 жылда цунами салдарынан 250 мыңнан астам адам қайтыс болды. Жалпы экономикалық шығын 280 миллиард долларды құрады. Әсіресе, Үнді және Тынық мұхиттарының жағалауында орналасқан елді мекендер зардап шегуде. Қазақстанда цунами апаты мүлдем орындалмайтындықтан осы технологияны өзге мемлекеттерге пайдалану арқылы экономиканы жақсартуға болады, – дейді жас өнертапқыштар.

Айта кетейік, өткен жылы да қызылордалық өрендер ұлттық құрамада Германия еліне барып, ел намысын қорғаған болатын. Оқушылардың жеңіс тұғырынан көрінуіне атсалысқан информатика пәнінің мұғалімдері – Серік Ахметов пен Анар Кенесары.

Мектепте робототехниканы қосымша сабақ ретінде өткізуге ден қойған білім беру саласында қажетті құрал-жабдықтың барлығы бар. Оны үйрететін ұстаздар қауымы да білім жетілдіру курстарынан өтіп, шәкірттерге жаңа технологияны меңгертуде. Осындай сайыстарда бақ сынаған оқушылар әлемнің көкжигін тануға бір табан жақындай түскені байқалады.



Мөлдір САБЫРЖАН

ЖҰЛДЫЗ - ЖОРАМАЛ

(7-14 қыркүйек)

Тоқты
Сын мен өміріңіздегі келеңсіз оқиғалардан аулақ жүру үшін бар күш-жігеріңізді жұмысқа бағыттаңыз. Кейбір сұрақтарға қатысты қателіктер туындауы мүмкін, оларды ретке келтіріп үйреніңіз. Ал жұма күні қиындықты жеңуге достарыңыз көмектеседі.

Торпақ
Жоспарыңызды аптаның ортасында жүзеге асырыңыз. Бейсенбі күні міндетті түрде достарыңыздың көмегі қажет болады. Ал жұма аяқталмай қалған істерге арналса, жексенбі шығармашылықтың ерекше түрімен айналысу үшін қолайлы.

Егіздер
Алдағы аптада үлкен жетістікке қол жеткізіп, ойға алғаныңыздың барлығын орындайсыз. Сейсенбі сізден жауапкершілік пен тың ой күтеді. Ал сәрсенбіде қаржылай қиындық шешім табуы мүмкін.

Шаян
Артықшылығыңызды бағалап, оны өзгелердің де байқауына мүмкіндік беріңіз. Жеке өмір мен мансап жолында өзгеріс болады. Бейсенбі қиындыққа қатысты мәселенің өзі шешілгенін қаласаңыз, пікір-таласқа араласпаңыз. Ал сенбі қонақ күтуге жайлы.

Арыстан
Нәтижеге жету үшін аптаның алғашқы күндерінде бар күшті салып еңбектену қажет. Басшылықпен тіл табысып, түйсігіңізге сенер болсаңыз, қызметіңіз жоғарылайды.

Бикеш
Көптен шетке ысырып жүрген жұмысты осы аптада қолға алыңыз. Сейсенбі күні үлкен шаруа күтіп тұр. Жұма күні қатты шаршайтындықтан, сенбі күні достарыңызбен серуендеуге тырысыңыз.

Таразы
Қызметіңіз жоғарыламаса да, шығармашылық белсенділігіңіз артады. Кей серіктестеріңіздің адалдығын тексеріңіз. Осы апта киіміңізді жаңарту үшін қолайлы.

Сарышаян
Ағысқа қарсы жүзуге тырыспаңыз. Бұл аптада жалғыз қалуды талап ететін шығармашылық жұмыстармен айналысуға болады. Ескі жұмыстарды бітірмей жатып, жаңасына кіріспеңіз.

Мерген
Алдағы аптада жолыңыз болады. Бұрын-соңды қиын болып көрінген жұмыстарды еш қиындықсыз шешесіз. Бар уақытыңызды жұмысқа ғана арнамай, жеке өміріңізге де көңіл бөліңіз.

Тауешкі
Өзіңізге деген сенімділікті арттырыңыз. Сейсенбі және сәрсенбі күндері уақытыңызды үнемдесеңіз, ойға алғаныңызды соңына дейін жеткізе аласыз. Жақын адамдарға түсініспікпен қарауға тырысыңыз.

Суқұйғыш
Осы аптада өмір сіздің қаншалықты төзімді екеніңізді тексеруі мүмкін. Түйсігіңізге сенсеңіз, оң нәтижеге қол жеткізесіз. Күш-қуатыңызды қайта қалпына келтіру үшін жексенбі жақсылап демалыңыз.

Балықтар
Уақытты босқа жоғалтпай, ойға алған шаруаға аптаның басында кіріскеніңіз жөн. Әріптестеріңізбен қарым-қатынасыңыз алаңдататын болса, сөзіңізге сақ болыңыз. Жұма – жаңа жоспарлар құруға таптырмас күн.

Кезекші редактор: Мөлдір САБЫРЖАН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6682
Тапсырыс: 1411